

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/SSBG3232>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/AVHQ3770>***Н. Т. Турикбенбаева¹, Г. Е. Дюсембина², Б. С. Жонкешов³**^{1,2}Абай атындағы

Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

³Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-1285-8852>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-0121-9069>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7391-3175>*e-mail: 1994nursaule@mail.ru

«РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ» ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ САЛАЛАРЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ

Репрезентация мәселесі ғылыми еңбектерде, мақала, диссертациялық жұмыс, монографияларда қарастырылғанымен аталмыш ұғымға берілген бірізді нақты анықтама жоқ. Біз мақаламызда репрезентация ұғымын бірнеше ғылым салаларында қарастыруға тырыстық.

Репрезентация термині салааралық термин болып табылады. Ең алдымен философия ғылымында пайда болған бұл термин даму барысында ғылымның өзге салаларында да қолданыла бастаған. Аталмыш термин туралы толық түсінік алу үшін бұл ұғымның өзге де ғылым салаларында зерттелуіне шолу жасадық. Философия, психология, лингвистика салаларындағы қолданысында ортақ мағына бар және көрсетілген ғылымдарды ұштастырып тұрған ғылым саласы – когнитология ғылымы деп болжам жасаймыз.

Сондай-ақ репрезентация термині кейбір ғылым саларында, атап айтқанда, социология ғылымында тілмен байланыссыз, мүлдем басқаша мағынада қолданылады. Біз мақаламызда репрезентация ұғымын жоғарыда аталған ғылым салаларында жарық көрген еңбектерге талдау жасай отырып, тілдік репрезентация ұғымының табиғатын ашуға, оның когнитивтік лингвистикадағы қолданыс аясын нақтылауға қадамдар жасадық. Мақаламызда тілдік репрезентация ұғымы ең алғаш философия ғылымында пайда болып, когнитология ғылымының негізінде психология мен философия

салаларының пәнаралық байланысында қалыптасқан деген бағытта зерттеу жүргіземіз.

Кілтті сөздер: репрезентация, когнитология, когнитивті лингвистика, когнитивті психология, ұғым, коммуникативті концепция, когнитивті концепция.

Кіріспе

Репрезентация сөзін латын тілінен тікелей аударғанда «repraesentatio», «re» және «praesentare» – «көрсету, ұсыну» деген мағына береді. Бұл термин философия, психология, әлеуметтану, лингвистика және т.б. ғылым салаларында кеңінен қолданылатын көп мағыналы ұғым. Барлық саладағы ортақ мағына – «бір нәрсені екінші нәрсенің негізінде елестету және басқа нәрсе арқылы көрсету». Оны сызба арқылы былай көрсетуге болады.



1-сурет – Репрезентацияның ғылым салаларындағы ортақ мағынасы

Репрезентация таңбаның конституциялық қызметі, сондықтан «репрезентация» мен «таңба» ұғымдары бірін-бірі өзара толықтырып тұрады. Репрезентация таңбаны белгілейді, сонымен бірге өзі де таңба ретінде көрініс

табады. Екі ұғым да (репрезентация да, таңба да) қандай да бір затты, ұғымды тіл арқылы бейнелеумен байланысты.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу мақаламызда репрезентация терминін әр салада (философия, психология, социология, лингвистикада) зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып қарастырдық. Атап айтқанда, философия ғылымы бойынша Т. Бёрдж, Дж. Фодор, Д. Деннет, П. Каррутерстің және т.б., психология ғылымы бойынша В. П. Кохановский, И. С. Куприянова, И. С. Клецина, Л. Д. Столяренконың және т.б., социология ғылымы бойынша С.А. Радионова, Р. Мертон, В. И. Добренкова, Г. Холлис, К. Плоккер және т.б., лингвистика ғылымы бойынша Дж. Р. Серале, С. Сич, А. Кравченко, Н. Риттер және т.б. еңбектеріне талдау жасалынды.

Репрезентация терминін түсіндіру барысында семантикалық талдау, сабақтас салалардан ажырату, ұғымдардың иерархиясын құру, терминологиялық талдау және т.б. әдістерді пайдаландық.

Нәтижелер және талқылау

Репрезентация термині ең алдымен философия ғылымында пайда болды. Аталмыш ұғым философияда ақыл-оймен байланысты қарастырылады. Ақыл-ой репрезентациясы дегеніміз – сенім, қалау немесе болашақтағы субъективті фактілер мен оқиғаларды көрсететін кез келген жағдай және т.б. сияқты пропозициялық құрылымдардың мазмұны. Бұл құбылысты зерттеу екі проблемамен байланысты. Оның біріншісі, репрезентацияны таңбалаудың құрылымдық талдауының семантикалық мәселесіне байланысты болса, екіншісі, репрезентация қасиеттерін түсіндірудің философиялық мәселесіне байланысты. Философиялық тұрғыдан репрезентация бірнеше жол арқылы сипатталады:

1) негізгі құбылыс ретінде сенім мен қалауды белгілейді және олардың функционалдық байланысын субъектінің мінез-құлық мәнмәтіні негізінде зерттейді;

2) «оңтайлы жағдайлар» ұғымын қолдана отырып, репрезентация мен оның объектілерінің ковариациясының жүйелілігін түсіндіреді;

3) натурализмге қатысты дүниелерді нақты білдірмейді, керісінше қарапайым психология тұрғысынан ыңғайлы түсініктеме беруге тырысады. Осыған орай, репрезентацияның мазмұны шынайы деп санауға бейім сөйлемдер тұрғысынан талдануы тиіс. Бұл стратегия тұрғысынан репрезентация функциясы қарапайым – жеке тәжірибе элементтеріне байланысты. Мәселен, «сәтті репрезентацияның биологиялық қызмет атқаруы міндетті емес» [1, 301-б.] деген пікірде.

Дж. Фодордың нұсқасына сәйкес, ментальды максат ойдың тіл арқылы сыртқа шығатын белгілі бір сөйлемдерге тиесілі есептеу процестері, мысалы,

сенім және онымен байланысты процестер арнайы сөздік қорда қамтылған бірліктер арқылы жүзеге асырылады. Ол дегеніміз адам санасында сенім, қалау, өкініш және т.б. арналған виртуалды қойма бар деген болжамнан туындайды. Атап айтқанда, Д. Деннет репрезентацияның қасиеттерін табиғи тіл ұғымдарынан көрініс табатын субъектінің (аутизмге ұшырамаған) парасатты ақыл-ой теориясы терминдерімен түсіндіреді. Репрезентацияны П. Каррутерс берген ұғымға сүйене отырып, бірінші нұсқа «коммуникативті», ал екінші нұсқа «когнитивті» концепцияға негізделген деп айтуға болады [2]. Репрезентацияның философия ғылымындағы мағынасы тікелей тілмен байланысты. Қысқаша айтқанда, ойдың тілдегі көрінісі.

Репрезентация ұғымы психологияда көрген, естіген, сезінген нәрсені жадта қайта жаңғырту деп түсіндіріледі. Бұл ұғым психологияда А. Шопенгауэр мен В. Вундт дәуірінен бастап-ақ таныстырудың, көрсетудің болмысын анақтау үшін қолданылатын көмекші ұғым ретінде белсенді қолданысқа ие бола бастаған. Репрезентация кең мағынада «ойша елестету» деген де мағына береді. Сонымен бірге «репрезентация» термині психология ғылымында, оның ішінде когнитивті психология сияқты ғылым саласында кеңінен қолданылады; десе де бұл ұғым гендерлік психологияда да кездеседі. Аталмыш ұғым негізінен гендерлік мінез-құлықтың ерекше белгісін, яғни жеке тұлғаның «өзін-өзі сезіну күйін» және қоршаған ортаға өзін қалай көрсететінін білдіреді [3]. Психодиагностикада психологияның когнитивті бағытынан шыққан «репрезентативті жүйе» деген ұғым бар (оның көмегімен адам қоршаған әлемнен ақпарат алады, оған бағдарланады, ойымен, сезімімен, іс-әрекетімен айналада болып жатқан барлық нәрсеге деген көзқарасын көрсетеді) [4]. Екі жасар балалардың (нәрестелерден айырмашылығы) танымға қатысты басты ерекшелігі символдық репрезентация екен. Нақтырақ айтсақ, бала өзінің алаңдаушылығын білдіру немесе басынан өткеріп отырған оқиғаларды бейнелеу үшін әрекеттерді, бейнелерді немесе сөздерді қолданады. Символдық репрезентацияның бірнеше аспектісі бар, атап айтқанда: нысан санын көрсету үшін сандарды ретпен пайдалану мүмкіндігі; бейнелеу әрекетінің дағдыларын игеру. Репрезентация шамамен екі жаста пайда болады да, әрі қарай дами береді (төрт жасар бала символдарды жақсы пайдаланады) [5].

Когнитивті психологияда репрезентацияны зерттеу кеңінен өріс алған. Репрезентацияны қалыптастырудың бастапқы кезеңіне перцептивті ақпарат негіз болады. Түйсік, ой, сезім, алаңдау, ойдағы бейнелер сияқты психикалық құбылыстарды басқа адамдар тікелей байқай алмайды. Сондықтан репрезентация жеке (дербес) сипатқа ие деп айтуға болады.

Л. Витгенштейннің пікірінше, психикалық құбылыстарды зерттеу «басқа адамның ішкі күйін оның әрекеттерін бақылау және оның сөзін

тыңдау арқылы білуге болады» [6] деген тұжырымға негізделген. Когнитивті психологияның қалыптасуына байланысты 1920 жылдардың ортасынан бастап ойдағы бейнелерді зерттеу жаңа серпін алды. Бұл ретте көптеген зерттеушілер таным процесіне бейнелі репрезентациялар да, бейнелі баламасы жоқ репрезентациялар да қамтылады деп есептеді. Сондықтан әртүрлі репрезентациялар қолданылатын жағдайларды және олардың өзара байланысын анықтау өзекті әрі маңызды болды. Бірақ жүргізілген бірқатар зерттеулерде ойдағы бейнелерді репрезенттеу феномен секілді интроспективті түрде қарастырылды. Әдіснамалық тұрғыдан бұл Э. Гуссерльдің көзқарасына негізделді [7]. «Психологиялық репрезентация» ұғымына арналған ағылшын тіліндегі дереккөздерде белгілі бір объектіні есте сақтау немесе қиялдау бейнелері деңгейінде репрезенттеу туралы айтылады. Ал осы тақырыпқа арналған орыс тіліндегі әдебиеттерде репрезентация «түпбейнесі жоқ кезде алаңдайтын және зерделенетін заттардың, құбылыстардың, жағдайлардың кейбір «ішкі бейнелері» ретінде көрсетіледі. Психологиялық репрезентациямен байланысты проблемаларды зерттеумен шұғылданған Б. Г. Ананьев және Б. Ф. Ломов мұндай құбылыстарды «екінші реттік бейнелер» деп атады. Қазіргі таңда адамның көру аппараты арқылы қабылданатын және оның ментальды құрылымдары арқылы қабылданатын немесе репрезенттелетін нәрселер деп ажыратылады. Ойдағы бейне объектілер, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты бейнелейтін және өзгертуге ықпал ететін ішкі репрезентацияның маңызды бір бөлігі ретінде түсіндіріледі. Қазіргі когнитивті психологияны зерттеушілер репрезентацияға «жағдайға байланысты құрылыс» [8, 5-6.] деген анықтама береді.

Жоғарыдағы келтірген сілтемелерді қорытындылай келе, репрезентация психологиялық тұрғыдан бірегей және жеке контексте құрылады. Ол жеке тұлғаның мінез-құлқын түсіну, талдау, түсіндіру және болжау үшін құрылған белгілі бір теориялық жүйе. Нақтырақ айтқанда, адамның тәжірибе жинақтауына және дамуына себеп болатын барлық ойлары, алаңдаушылықтары мен әрекеттері.

Репрезентация ұғымы социология ғылымында «бір нәрсені екінші нәрсе негізінде және екінші нәрсе арқылы» бейнелеу ретінде түсініледі. Репрезентация феномені бастапқыда презентация феноменіне қатысты қайталама немесе «кейінгі» ретінде белгіленеді. Яғни репрезентация арқылы тікелей ұсынылатын нысан репрезенттеу кезінде болмаған кезде репрезентация орын алады. Демек, репрезентация бастапқы нысанды алмастыратын «занды» өкіл ретінде әрекет етеді [9, 826-б.].

Қысқаша айтқанда, әлеуметтік репрезентация функциясы белгілі бір дәрежеде объекті мен субъекті арасындағы «кері байланыс» жүзеге асырылатын басқарудың барлық (ішінара тіпті, авторитарлық) түрлеріне,

соның ішінде басқарылатындардың мүдделері мен басқарушылардың әрекеттері арасындағы корреляцияның әлсіз, анық емес түрлеріне тән.

Жоғарыдағы ғылым салаларында қолданылған репрезентация ұғымы (социология ғылымынан басқа) байқап отырғандарыңыздай негізінен қандай да бір байқалған ұғымның немесе құбылыстың қабылданушының санасында талданып, тіл арқылы бейнеленуі. Қазіргі ғылымда ойдағы бейнелерді репрезенттеу мәселесіне деген көзқарас көп. Репрезентацияны ақиқатты бейнелеу кезінде жалпылаудың ерекше түрі ретінде қарастыратын авторлардың бірі – М. Б. Ямпольский [10]. Ғалым бұл ұғымды ғылыми тұрғыдан қолдану мүмкіндіктері ең алдымен, оның пәнаралық сипатымен байланысты екенін айтады. Репрезентацияны бұл тұрғыдан түсіну бірқатар ғылыми пәндерді қамтитын ауқымды мазмұнда қолдануға ықпал етеді. Сонымен қатар ойдағы бейне ретіндегі репрезентация теориялық құрылым ретінде қолданылады, бұл адам қызметінің нәтижелері туралы қоғамдық санада басым идеяларды бейнелеу процесін модельдеуге мүмкіндік береді [10]. М. Б. Ямпольский сәулет, кескіндеме, әдебиет сияқты адам шығармашылығының өнімдерінде белгілі бір тарихи дәуірдің дүниетанымы бейнеленетінін, белгілі бір әлеуметтік түсінік бейнеленетінін дәлелдейді.

3. Фрейдтің пікірінше, репрезентация бастапқыда кинестетикалық, эмоционалды-сезім саласына қатысты болса да, ол міндетті түрде «өзара әрекеттесуі», көру қабілетімен, содан кейін ғана вербалды репрезентативті жүйелермен байланысты болуы керек деген пікір білдіреді («оқиғаны сипаттау», «аффектті сөзбен білдіру») [11]. Сонымен бірге бастан кешкен оқиға «жарыққа шығып» [11], сөзбен беріледі, вербалды түрде көрініс табады. Осы келтірілген деректерді тұжырымдай келе, репрезентация ұғымының пәнаралық байланысын және дамуын сызба арқылы былай көрсетуге болады.



2-сурет – Репрезентацияның пәнаралық байланысы мен ғылымдағы дамуы

Когнитивтік зерттеулерде репрезентация термині негізінен, екі мағынада қолданылады, атап айтқанда, «менталды (ой) репрезентация» және «тілдік репрезентация». Бірінші терминнің мағынасы когнитивті процестер, оны танушы адамға қарамастан, тұлғаның санасында объективті шындықтың

аспектілерін бейнелеуді түсінген кездегі танымға деген көзқараспен байланысты. Бұл жағдайда сана әлемді объектіге емес, субъектіге репрезентациялайды. Десек те кейбір психикалық бейнелер, «мазмұнды құрылымдар» түрінде, олардың операциялары сананың негізінде жатқан нақты ойлау қабілетін құрайды. Өз кезегінде сана организмнің қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін бақылайды: ақылды тіршілік иелерінің «әлемдегі объектілер мен күйлерді репрезентациялау және осы репрезентациялаудың негізінде әрекет ету» [12, 64-б.] қабілеті бар. Сананың репрезентационалистік теориясы когнитивтік ғылымның бірінші буынының немесе картезиандық когнитивизмнің әдіснамалық көзқарастарын ажырататын ғалымдар арасында кеңінен танымал. Картезиандық когнитивизм аналитизмнің философиялық дәстүріне тән менталды репрезентацияның тізбекті және эмпирикалық теориясын жасауға қабілетсіздігінің анықталғанына қарамастан, ақыл-ойдың абстрактілігі туралы негіздемеден туындайды [13].

«Тілдік репрезентация» термині когнитивтік ғылымның құрамдас бөлігі қызметін атқаратын лингвистиканың, яғни когнитивтік лингвистиканың негізі болып табылады. Тілдік репрезентация менталды бейнелердің бейматериалдық саласы саналатын сана (ой) мен таңбалық қызмет атқаратын, акустикалық табиғи құбылыстың материалдық жүйесі қызметін атқаратын тіл арасындағы қарым-қатынасты сипаттау үшін қолданылады. Құрылымдық тіл білімінің, ішінара функционалды тіл білімінің түрлі салаларында тілдің семиотикалық (таңбалық) қызметі мен адамның (тілдік) коммуникация барысындағы қызметі бірдей деуге болады. Себебі коммуникация кезінде мазмұн-мағына, менталды мазмұн, идеялар бір санадан екінші санаға беріледі немесе «трансляцияланады». Мұндай трансляция кезінде жасырын болмыс түріндегі «менталды құрылымдар» тіл арқылы жарыққа шығады, тілдік құрылымдарда анық мағына түрінде репрезенттеледі, осылайша мән-мағына қабылданады. Демек, ғылыми тұрғыдан бақыланады/зерттеледі. Когнитивистердің пайымдауынша, тілдік құрылымдарды зерттеу арқылы гуманитарлық ғылымның «таным бар» деген негізгі сұрағына жауап беру мақсатында ақыл-ой процестері мен сананың бақыланбайтын әлеміне есік ашылады [14].

Алғаш пайда болған когнитивтік ғылым және соның аясында дамыған когнитивтік лингвистиканың теориялық құрылымы «объективті реализм» философиясынан бастау алады. Ғылыми дүниетаным болып табылатын «объективті реализмге» сәйкес, адам мен қоршаған әлемнің өзара әрекеті арқылы танылатын және тіл арқылы (оның ішінде ғылым тілі арқылы) сипатталатын әлем адамзаттан тыс, таным субъектілері ретінде тіршілік етеді. «Әлем біздің репрезентациямызға қарамастан, өздігінше құрылған деген болжам «объективті реализмнің» көрінісі [12, 32-б.]. Басқаша айтқанда, нақты

әлем, яғни тау, ағаш, мұхит, галактика, молекула сынды дүниелер бізден тәуелсіз өмір сүреді, сондықтан бұл әлемге келген әрбір адам бейімделу үшін өзі өмір сүріп жатқан әлемді танып-білуі, өмір сүру және ұрпақ көбейту үшін қажетті жағдай жасауы керек. Бұл жерде адамдарға әлем туралы ақпаратпен алмасуға мүмкіндік беретін тіл маңызды рөл атқарады. Осы қырынан алғанда, тіл құрал ретінде қарастырылады. Археологтар қазба жұмыстары кезінде табылған жәдігерлерді зерттей отырып, ежелгі адамның өмір сүруіне және оның қоғамдық құрылысының әртүрлі аспектілеріне қатысты болжам жасайтыны секілді тілдің құрылымы мен қолдану ерекшеліктері ғалымдарға танымдық процестің не екендігі туралы болжам жасауға мүмкіндік береді.

Тілдің құрал ретіндегі қызметі тілдің табиғатына қарай түрліше негізделуі мүмкін. Еуропаның құрылымдық тіл білімінде тіл әлеуметтік белгі, қарым-қатынас орнату үшін арнайы жасалған, мағынаның конвенционализмімен және еріктілігімен сипатталатын таңбалардың сыртқы жүйесі ретінде қарастырылды. Тілдің табиғаты мен қызметін түсінудегі мұндай көзқарас дәстүрлі лингвистиканың метатіліне сүйенеді: әлеуметтік ортаға түскен бала тамақ ішкен кезде шанышқы мен қасықты қолдануды қалай үйренсе, тілді де дәл солай «меңгереді», оны қабылданған «сөйлеу нормасына» сәйкес «меңгереді». Хомский тіл біліміне генетикамен байланысты, әрқайсысының өзіндік қызметі бар басқа биологиялық органдармен қатар дамытын «тіл органы» деген ұғымды енгізді. Баланың ата-анасының қай тілде сөйлегеніне қарамастан, тілді меңгеру қабілетінің даму тегінің жан-жақты болуы адамның ақыл-ой қабілетінің жан-жақты болуына байланысты екен. Сондықтан ақыл-парасат дегеніміз – жалпы ойлау қабілеті. Олай болса, тілдің қызметі – ойды [15] немесе репрезентацияларды білдіру: тіл «концептуалды құрылым түріндегі менталды репрезентациялардың» [16, 205-б.] идеяларын білдіреді.

Экстернализм және интернализм тіл мен ойлаудың (ой алмасу және ойды білдіру) өзара байланысын қарастырған кезде әртүрлі қызметтерге баса назар аударады. Екі идеологияға да дуализм тән. Оны «ой негізінен тілден бөлек тіршілік етеді және ой бірінші пайда болады, ал тіл содан кейін пайда болады» деген тұжырымдардан көруге болады. Екінші тұжырымға сәйкес, әлем туралы ақпарат беретін білім «арнайы жасалған тілдік форманы» қабылдайды [17, 16-б.], ал тіл «ақпаратты репрезенттеуге (кодтауда) және түрлендіруге қатысатын таңбалар жүйесі, когнитивтік құрал» [18, 53-б.]. Басқаша айтқанда, тіл – «адамның басындағы (миындағы) ақыл-ой, менталды, интеллектуалды және интериоризацияланған әрекеттеріне қол жеткізу» [19, 16-б.] құралы. Тіл мен ойлаудың өзара байланысы мәселесіне деген мұндай когнитивті көзқарас объективті реализм философиясына сәйкес келеді, ал негізгі бағыттағы когнитивтік ғылымдағы тілді зерттеу әдістемесі

тіл мен ойлау/сана объективті түрде әртүрлі құбылыстар екендігі туралы бастапқы түсінікке негізделеді.

Қорытынды

Репрезентация ұғымын тек бір ғана ғылым саласы шеңберінде қарастыруға болмайды. Себебі, аталмыш ұғым бірнеше ғылым салаларына ортақ термин. Атап айтқанда, философия, психология, социология, лингвистика және т.б. Біз репрезентацияның осы салалардағы мағынасын толық түсініп алмайынша, тілдік репрезентацияның табиғатын толық түсіне алмаймыз. Сонымен бірге мақаламызда қарастырып отырған ұғымның әр ғылым саласына тиесілі өзіндік дефинициясы бар екендігіне көз жеткіздік. Дегенмен де философия, психология, лингвистика салаларының когнитология ғылымымен ортақ байланысы бар екендігін де байқауға болады.

Репрезентация ұғымы социология ғылымында өзгеше сипатталады. Философия, психология ғылымдарында ой немесе көңіл-күй сияқты процестердің тіл арқылы бейнеленуі түсінілсе, социологияда аталмыш терминнің тілмен ешқандай байланысы жоқ. Онда әлеуметтік ортада болып жатқан оқиғалар сипатталады.

Тілдік репрезентация философия, психология ғылымдарының пәнаралық байланысы нәтижесінен пайда болған когнитология ғылымының аясында қарастырылады. Оның өмір сүру ортасы – когнитивтік лингвистика ғылымы.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Burge, T.** Origins of Objectivity [Text]. – London : Oxford University Press, 2010. – 645 p.

2 **Carruthers, P.** The cognitive functions of language [Text] // The Behavioral and Brain Sciences. – 2002. – № 6. – P. 657–674.

3 **Клецина, И. С.** Психология гендерных отношений : Теория и практика : монография [Текст]. – М. : Алетейя, 2004. – 408 с.

4 **Столяренко, Л. Д.** Психология делового общения и управления : учебник [Текст]. – Ростов-на-Дону : Феникс, 2005. – 416 с.

5 **Крайг, Г., Бокум, Д.** Психология развития [Текст]. – СПб. : Питер, 2005. – 940 с.

6 **Витгенштейн, Л.** Избранные работы [Текст] / Пер. с англ. и нем. В. Руднева. – М. : Территория будущего, 2005. – 440 с.

7 **Гуссерль, Э.** Идея феноменологии : Пять лекций [Текст]. – СПб. : Гуманитарная Академия, 2008. – 224 с.

8 **Ришар, Ж. Ф.** Ментальная активность. Понимание, рассуждение, нахождение решений [Текст]. – М. : Издательство Институт психологии РАН, 1998. – 232 с.

9 Новейший философский словарь / Гл. науч. ред. и сост. Грицанов А. А. – Минск : Издательство В. М. Скакун, 1999. – 877 с.

10 **Ямпольский, М. Б.** Ткач и визионер. Очерки истории репрезентации, или О материальном и идеальном в культуре [Текст]. – М. : Новое литературное обозрение, 2007. – 616 с.

11 **Дилтс, Р.** Стратегии гениев [Текст]. – М. : Независимая фирма «Класс», 2011. – 272 с.

12 **Searle, J. R.** Mind, Language and Society : Philosophy in the real world [Text]. – New York : Basics Books, 1998.

13 **Кравченко, А. В.** Репрезентационализм и биологическая теория познания [Текст] // Проблемы представления (репрезентации) в языке : Типы и форматы знаний. – М. : Калуга : Эйдос, 2007. – С. 37–47.

14 **Pylyshyn, Z.** What's in your mind? [Text] // Cognitive Science Published : January, 1987. – № 70. – P. 97–122.

15 **Chomsky, N.** Cartesian linguistics : a chapter in the history of rationalist thought [Text]. – New York & London : Harper & Row, 1966. – 454 p.

16 **Pinker, S. and Jackendoff, R.** The faculty of language : what's special about it? [Text] // Cognition 95, – 2005. – P. 201–236.

17 **Кубрякова, Е. С.** О соотношении языка и действительности и связи этой проблемы с трактовкой понятия знания [Текст] // Когнитивные исследования языка. Вып. 3 : Типы знаний и проблема их классификации. – М. : Тамбов, 2008. – С. 11–24.

18 **Кубрякова, Е. С., Демьянков, В. З., Панкрац, Ю. Г., Лузина, Л. Г.** Краткий словарь когнитивных терминов. – М. : Филологический факультет МГУ имени М. В. Ломоносова, 1997. – 245 с.

19 **Кубрякова, Е. С.** В поисках сущности языка : вместо введения [Текст] // Когнитивные исследования языка. Вып. 4 : Концептуализация мира в языке. – М. : Тамбов, 2009. – С. 11–24.

References

1 **Burge, T.** Origins of Objectivity [Text]. – London : Oxford University Press, 2010. – 645 p.

2 **Carruthers, P.** The cognitive functions of language [Text] // The Behavioral and Brain Sciences. – 2002. – № 6. – P. 657–674.

3 **Klecina, I. S.** Psixologiya genderny'x otnoshenij : Teoriya i praktika [Psychology of Gender relations : Theory and Practice : monograph] [Text]. – Moscow : Aletya, 2004. – 408 p.

4 **Stolyarenko, L. D.** Psixologiya delovogo obshheniya i upravleniya [Psychology of business communication and management : textbook] [Text]. – Rostov-on-Don : Phoenix, 2005. – 416 p.

5 **Kraig, G., Bokum, D.** Psixologiya razvitiya [Psychology of development] [Text]. – St. Petersburg : Peter, 2005. – 940 p.

6 **Wittgenstein, L.** Izbranny'e raboty' [Selected works] [Text] / Translated from English and German by V. Rudnev. – Moscow : Territory of the Future, 2005. – 440 p.

7 **Husserl, E.** Ideya fenomenologii : pyat' lekcij [The idea of phenomenology : Five lectures] [Text]. – St. Petersburg : Humanities Academy, 2008. – 224 p.

8 **Richard, J. F.** Mental'naya aktivnost'. Ponimanie, rassuzhdenie, naxozhdenie reshenij [Mental activity. Understanding, reasoning, and finding solutions] [Text]. – Moscow : Institute of Psychology of the Russian Academy of Sciences, 1998. – 232 p.

9 Novejshij filosofskij slovar' [The latest philosophical dictionary] / [Chief scientific editor and compiler Gritsanov, A. A.]. – Minsk : Publisher V. M. Skakun, 1999. – 877 p.

10 **Yampolsky, M. B.** Tkach i vizioner. Ocherki istorii reprezentacii, ili O material'nom i ideal'nom v kul'ture [The Weaver and the Visionary. Essays on the History of Representation, or On the Material and Ideal in Culture] [Text]. – Moscow : New Literary Review, 2007. – 616 p.

11 **Dilts, R.** Strategii geniev [Strategies of geniuses] [Text]. – Moscow : Independent Firm Klass, 2011. – 272 p.

12 **Searle, J. R.** Mind, Language and Society : Philosophy in the real world [Text]. – New York : Basics Books, 1998.

13 **Kravchenko, A. V.** Reprezentacionalizm i biologicheskaya teoriya poznaniya [Representationalism and the biological theory of cognition] [Text] // Problems of representation in language : Types and formats of knowledge. - Moscow : Kaluga : Eidos, 2007. – P. 37–47.

14 **Pylyshyn, Z.** What's in your mind? [Text] // Cognitive Science Published : January, – 1987. – № 70. – P. 97–122.

15 **Chomsky, N.** Cartesian linguistics : a chapter in the history of rationalist thought [Text]. – New York & London : Harper & Row, 1966. – 454 p.

16 **Pinker, S. and Jackendoff, R.** The faculty of language : what's special about it? [Text] // Cognition 95, 2005. – P. 201–236.

17 **Kubryakova, E. S.** O sootnoshenii yazy'ka i dejstvitel'nosti i svyazi e'toj problemy' s traktovkoj ponyatiya znaniya [On the relationship between language and reality and the connection of this problem with the interpretation of the concept of knowledge] [Text] // Cognitive Language Research. Issue 3 : Types of knowledge and the problem of their classification. – M. : Tambov, 2008. – P. 11–24.

18 **Kubryakova, E. S., Demyankov, V. Z., Pankrats, Yu. G., Luzina, L. G.** *Kratkij slovar' kognitivny'x terminov* [A short dictionary of cognitive terms]. – Moscow : Philological Faculty of the Moscow State University named after Mikhail Lomonosov, 1997. – 245 p.

19 **Kubryakova, E. S.** *V poiskax sushhnosti yazy'ka : vmesto vvedeniya* [In search of the essence of language : instead of an introduction] // *Cognitive studies of language. Issue 4 : Conceptualization of the world in language.* – Moscow : Tambov, 2009. – P. 11–24.

31.01.25 ж. баспаға түсті.

23.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.08.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Н. Т. Турикбенбаева*¹, *Г. Е. Дюсембина*², *Б. С. Жонкешов*³

^{1,2}Казахский национальный педагогический

университет имени Абая,

Республика Казахстан, г. Алматы;

³Казахский национальный аграрный

исследовательский университет,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 31.01.25.

Поступило с исправлениями 23.04.25.

Принято в печать 25.08.25.

ПОНЯТИЕ «РЕПРЕЗЕНТАЦИЯ» И ЕГО ПРИМЕНЕНИЕ В РАЗЛИЧНЫХ ОБЛАСТЯХ НАУКИ

Проблема репрезентации рассматривается в научных трудах, статьях, диссертационных работах и монографиях, однако до сих пор не существует единого и точного определения данного понятия. В нашей статье мы попытались рассмотреть термин «репрезентация» в контексте нескольких научных дисциплин.

Термин «репрезентация» является междисциплинарным. Изначально возникнув в философии, он со временем стал использоваться и в других областях науки. Для получения более полного понимания данного понятия мы провели обзор его изучения в различных научных направлениях. В ходе анализа мы выявили, что в философии, психологии и лингвистике этот термин имеет общее значение, а объединяющей их областью науки можно считать когнитологию.

Кроме того, термин «репрезентация» в некоторых областях науки, в частности в социологии, используется в совершенно ином значении, не связанном с языком. В нашей статье, анализируя труды, опубликованные в вышеупомянутых научных сферах, мы стремимся раскрыть природу понятия «языковая репрезентация» и уточнить сферу его применения в когнитивной лингвистике. В ходе исследования мы рассматриваем языковую репрезентацию как понятие, которое первоначально возникло в философии и сформировалось на основе когнитологии в рамках междисциплинарной связи психологии и философии.

Ключевые слова: репрезентация, когнитология, когнитивная лингвистика, когнитивная психология, понятие, коммуникативная концепция, когнитивная концепция

*N. Turikbenbayeva¹, G. Dyusembina², B. Zhonkeshov³

^{1,2}Abai Kazakh National

Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty;

³Kazakh National

Agrarian Research University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 31.01.25.

Received in revised form 23.04.25.

Accepted for publication 25.08.25.

THE CONCEPT «REPRESENTATION» AND ITS APPLICATION IN VARIOUS SCIENTIFIC FIELDS

The issue of representation is explored in scholarly works, articles, dissertations, and monographs; however, a unified and precise definition of this concept has not been established yet. In this article, we attempt to examine the term «representation» within the context of multiple scientific disciplines.

The term «representation» is interdisciplinary in nature. Initially emerging in philosophy, it has since been adopted in other scientific fields. To gain a more comprehensive understanding of this concept, we conducted a review of its study across various academic domains. Our analysis revealed that in philosophy, psychology, and linguistics, the term shares a general meaning, with cognitivism serving as a unifying field among these disciplines.

Furthermore, the term «representation» is used in some fields of science, namely, in sociology, in a completely different sense unrelated to language. In this article, by analyzing works published in the aforementioned academic fields, we aim to elucidate the nature of the concept of «linguistic representation» and clarify its scope of application in cognitive linguistics. Throughout the study, we examine linguistic representation as a concept that originally emerged in philosophy and developed based on cognitive science within the interdisciplinary framework of psychology and philosophy.

Keywords: representation, cognitivism, cognitive linguistics, cognitive psychology, concept, communicative concept, cognitive concept.

Теруге 25.08.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,18 МБ RAM

Шартты баспа табағы 31,59. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4438

Сдано в набор 25.08.2025 г. Подписано в печать 30.09.2025 г.

Электронное издание

5,18 МБ RAM

Усл. печ. л. 31,59. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4438

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz